

*Үкіметтің, Ұлттық Банк пен Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің макроэкономикалық тұрақтандыру және халықтың әл-ауқатын арттыру бойынша 2026-2028 жылдарға арналған бірлескен іс-қимыл бағдарламасы жобасының мәселелері жөнінде
Үкімет отырысындағы Ұлттық Банк Төрағасы Т. Сүлейменовтің тезистері, 2025 жылғы 19 қараша*

Құрметті Олжас Абайұлы!

Құрметті әріптестер!

Мемлекет басшысы өзінің Қазақстан халқына Жолдауында **инфляцияны төмендету және** халықтың әл-ауқатын арттыру **негізгі міндетіміз** екенін және оған баса назар аудару қажеттігін атап өтті.

Қазан айында жылдық инфляция **12,6%** болды. Азық-түлік тауарларының бағасы **13,5%-ке**, азық-түлікке жатпайтын тауарлар – **11,0%-ке**, ақылы қызметтер **12,9%-ке** өсті.

Бағаға түскен қысымның күшеюіне **ішкі және сыртқы** факторлар әсер етті. **Ішкі** факторлардың ішінде **фискалдық, квазифискалдық ынталандыру, тұтынушылық кредиттеу, коммуналдық қызметтер тарифінің өсуі, жанар-жағармай бағасының өсуі** бар.

Сыртқы факторлардан әлемдік **азық-түлік** бағасының өсуін, көршілес **Ресейдегі** валютаның нығаюы мен жоғары инфляцияны, сондай-ақ әлемдегі **сауда шектеулерінен** туындаған **белгісіздікті** атап өткен жөн.

Осы жағдайда Ұлттық Банк **10 қазанда** макроэкономикалық теңгерімді қалпына келтіру мақсатында базалық мөлшерлемені

18%-ке дейін көтерді, сондай-ақ бірқатар қосымша шаралар қабылдады.

Үкіметтің, Ұлттық Банк пен Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің макроэкономикалық тұрақтандыру және халықтың әл-ауқатын арттыру бойынша 2026-2028 жылдарға арналған бірлескен іс-қимыл бағдарламасы аясында Ұлттық Банк мынадай бағыттар бойынша шаралар қабылдайды:

1. Ұстамды қатаң ақша-кредит саясатын жүргізу.

Ақша-кредит саясаты инфляцияны төмендетуге, инфляциялық күтулерді тұрақтандыруға және теңгеге деген сенімді нығайтуға бағытталады.

Базалық мөлшерлеме бойынша шешім қабылдағанда тәуекелдер балансы, сыртқы конъюнктура мен ішкі сұраныс, жұмыспен қамту және басқа да экономикалық факторлар жан-жақты талданып, есепке алынады.

Ақша-кредит саясатының тиімділігін арттыру мақсатында артық өтімділікті алу және монетарлық бейтараптықты арттыру бойынша қосымша шаралар іске асырылады:

1) биыл қыркүйектен бастап **минималды резервтік талаптардың** жаңартылған нормативтері күшіне енді. **Бірінші кезеңнің** қорытындысы бойынша өтімділік профициті 7,7 трлн теңгеден **5,8 трлн** теңгеге дейін қысқарды. Сонымен қатар, банктер резервінің көлемі 0,8 трлн теңгеден **2,6 трлн** теңгеге дейін өсті. **Екінші кезеңде** алынатын өтімділіктің жалпы көлемі **3,5 трлн** теңгеге жетсе, **үшінші кезеңде 3,9 трлн** теңгеге жетеді.

2) ақша нарығындағы операциялық бағдардың (TONIA)

тиімділігін арттыру мақсатында қысқамерзімді ноталар шығару көлемі **3 есе 1,5 трлн** теңгеге дейін кеңейтіледі.

3) осы жылдың басынан **валюталық операцияларды теңестіру** тетігі енгізілді. Ол алтын сатып алуды және валюталық түсімнің эмиссиялық әсерін азайтуға мүмкіндік береді. Биылғы он айда **2,7 трлн** теңге алынды. Жыл соңына дейін қосымша шамамен **1 трлн** теңге алу жоспарлануда.

Бағдарлама аясында айналау операцияларымен қатар **2026-2027 жылдардың ішінде 2024 жылғы эмиссияны айналымнан шығару мәселесі қарастырылады.**

Бұған қоса айналау операцияларының көлемін арттыру шетел валютасының ұсынысын арттыруға және валюта нарығын балансқа келтіруге ықпал етеді.

2. Валюталық саясатқа келетін болсақ, ішкі нарықтағы валюта бағамы фундаменталдық факторлардың, валютаға сұраныс пен ұсыныс арақатынасының әсерінен **еркін бағам белгілеу** жағдайында қалыптаса береді.

Сонымен бірге, Ұлттық Банк ұлттық валютаны тұрақсыздандыратын, спекулятивтік ауытқуларды және қаржылық тұрақтылық тәуекелдерін болдырмау үшін қатаң әрі жедел түрде нақты әрекет жасауға, яғни валюталық интервенцияларды жүргізуге дайын.

Сонымен қатар, Ұлттық Банк квазимемлекеттік сектор субъектілерінің валюталық нарыққа ықпалын басқару үшін олардың валюталық операцияларын Үкіметпен бірге үйлестіріп отырады.

3. Мемлекеттік бағалы қағаздардың ішкі нарығын дамыту мақсатында **мемлекеттік қарызды басқару офисі** (Debt Management Office) құрылып жатыр. Ол офис қарызды басқару саясатын жетілдіру бойынша стратегиялық функцияларды орындайды. Сонымен қатар, ақпарат жинау, қарыздың тұрақтылығын талдау, шешімдер дайындау операциялық міндеттерін де орындайды.

Мемлекеттік қарызды тиімді басқару мемлекеттік бағалы қағаздар нарығының дамуына және кірістілік қисығын қалыптастыруға ықпал етеді. Ақша-кредит саясатының трансмиссиялық тетігін күшейтеді.

4. Қаржы секторында тұтынушылық кредиттеу сегментіндегі тәуекелдерді төмендету, банк жүйесіне деген сенімді арттыру, шағын және орта бизнеске қарызды жеңіл алуды қамтамасыз ету үшін микро және макропруденциалды шаралар кешені іске асырылады. Оның негізгі бағыттары мыналар:

1) секторлық контрциклді капитал буферін іске қосу. **Келесі жылғы 1-ші сәуірге** қарай банктер жеке тұлғалардың портфелі бойынша тәуекелі өлшенген активтердің **2%** мөлшерінде **қосымша капитал буферін** қалыптастырады. Қазіргі бағалау бойынша ол **жарты триллион** теңгеге жуық болады.

Ұлттық Банк бөлшек сауданы кредиттеу динамикасына тұрақты мониторинг жүргізіп, қажет болған жағдайда буфер мөлшерін түзету шешімін Қаржылық тұрақтылық кеңесінің

қарауына шығарады.

2) қарыз алушының табысынан қарыз коэффициентін іске қосу:

Табыстың қарыз коэффициенті – бұл макропруденциалды құрал, ол қарыз алушылардың төлемге қабілеттілігін бағалау, олардың жалпы берешегін шектеу үшін халықаралық практикада кеңінен қолданылады.

Осы коэффициенттің нақты мәндері есептеліп бекітіледі. Аталған жұмыстың қорытындысы бойынша бұл құралды келесі **жылдың 1-жартысында іске қосу** жоспарланып отыр.

3) қарыз алушының борыштық жүктемесіне қойылатын талаптарды қатаңдату.

Қазіргі борыштық жүктеме коэффициентінің мәні **0,5** болып отыр.

Ұлттық Банк борыштық жүктеме коэффициентінің шекті деңгейін төмендету, сонымен қатар есепке алынатын **кірістер құрамын өзгерту қажеттілігін** қарастырады.

4) қамтамасыз етілмеген кредиттердің маржасын төмендету және тұтынушылық кредиттеудің теңгерімсіз өсуін шектеу үшін жылдық шекті мөлшерлемені кезең-кезеңімен төмендету.

Ақша құнының өсуіне байланысты **25%-тік** ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі **2026 жылғы 1 шілдеге дейін** уақытша сақталады. Бұл халық үшін ипотекалық кредиттерді алуға және банк секторының тұрақтылығын қолдау арасындағы балансты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, **келесі жылы 1 шілдеден бастап** ипотека бойынша шекті жылдық сыйақы мөлшерлемесінің әдіснамасы **LTV тәсілі** әдіснамасына көшеді. Бұл – **кредиттің қамтамасыз етілу деңгейін** және нақты **нарықтық жағдайды** ескеретін, экономикалық негізделген шешім.

5) бөліп төлеудің проинфляциялық әсерін төмендету үшін бөліп төлеу нарығын және «қазір сатып ал да, кейін төле» қызметін (BNPL) реттеу тәсілдері әзірленеді.

6) экономиканы қаржыландыруға екінші деңгейлі банктердің қаражатын тарту шаралары қабылданады. «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамымен және Агенттікпен бірлесіп бизнесті кредиттеуге екінші деңгейлі банктердің өтімділігін тарту тетіктері пысықталады.

Ұлттық Банк Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының активерін тек нарықтық шарттар негізінде инвестициялау мүмкіндігін қарастырады.

5. Бағдарламада бюджет шығыстарының әлеуметтік-экономикалық табыстылығын арттыруға, **цифрлық теңгеге** назар аударылды. Цифрлық теңге республикалық және жергілікті бюджеттер мен мемлекеттік холдингтер бюджетінде кеңінен қолданылатын болады.

Цифрлық теңге – мемлекеттік қаражатты нақты әрі дұрыс бөлу, автоматтандыру және ашықтықты қамтамасыз ете отырып, **әлеуметтік төлемдер** жүйесін жаңғырту және «әлеуметтік әмиян» тетігін дамыту үшін негіз болатын құрал.

6. Шетелдік инвестицияларды тартатын алаң ретінде

«Астана» халықаралық қаржы орталығына қосымша назар аударылады. «Астана» халықаралық қаржы орталығының мүмкіндігін тиімді пайдалану үшін қолайлы инвестициялық режим құруды, экономиканың басым салаларына **ұзақмерзімді шетелдік тікелей және портфельдік инвестицияларды көбейту** қажет.

Осы мақсатта Ұлттық Банктің, Агенттіктің және «Астана» халықаралық қаржы орталығының қатысуымен ұлттық **қаржы нарығын дамыту кеңесі** құрылады.

Құрметті әріптестер!

Экономикалық өсу сапасы – баға тұрақтылығын қамтамасыз етудің маңызды шарты.

Ұлттық Банк Үкіметтің **бюджеттік консолидациясын, трансферттер лимитін, жалпы және мұнайға жатпайтын тапшылық** параметрлерін және бюджеттік қағидаларды қолдайды.

Монетарлық құралдар, монетарлық емес шаралар мен құрылымдық реформалар – инфляцияны тұрақты төмендетудің, ұзақмерзімді экономикалық өсудің және азаматтардың әл-ауқатын арттырудың негізін қалайды.

Назарларыңызға рақмет!